

**2022-2023 оқу жылы**  
**№ 7 арнаулы түзету мектеп-интернаты**  
**түзету пәні бірлестігінің атқарылған жұмыстарының**  
**Жылдық есебі**

Түзету пәні бірлестігінде 4 мұғалім жұмыс жасайды. Оның ішінде:

**жоғары санаттағы** мамандардың жалпы саны – 1 (А. Даубаева);

II санаттағы мамандардың жалпы саны – 2 (А. Ділдабаева), (И.Есім);

Санаты жоқ мамандардың жалпы саны – 1 (Г. Сейтман)

Бірлестікте арнайы мамандандырылған 3 логопед және 1 дефектолог өз лауазымдық міндеттерін орындап келеді.

2022 жылдың 1-15 қыркүйек аралығында **125 оқушыға** зерттеу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде, сөйлеу тіл кемістігі бар **68 оқушы** белгіленіп, тіл мүкістігін орын алу негізгі себептері анықталды.

Диагностдар	ЖТК I	ЖТК II	ЖТК III	Барлығы
Бала саны	31	22	15	68

2022-2023 оқу жылы мектепке жаңадан қабылданған оқушылардың ішінен логопедиялық есепке 15 бала алынды. 1 сыныпқа – 12 оқушы, 3 «А» сыныпқа – 1 оқушы, 2 «А» сыныпқа – 2 оқушы, 5 «А» - 1 оқушы

**Түзету пәні бірлестігінің жоспарының орындалуы,**  
**өзара сабақтарға қатысуы**

Жұмыс жоспарындағы іс-шараларды іске асырудың мәселелері «Логопедия пәні бірлестігінің 2022-2023 оқу жылына арналған отырыстар жоспарына» (жоспар мектеп-интернат басшылығымен 2022 жылдың 15 қыркүйегінде бекітілді) сәйкес әр тоқсан сайын өткізілетін бірлестіктің отырыстарында қаралып, отырыстар хаттамалар ресімделді.

27 қазан күні мектеп - интернатта Қызылорда облысының оқу орталығымен (әдістемелік кабинет) бірлесіп ұйымдастырылған «Арнайы білім мен тәрбиені қажет ететін балаларды қоғамдық ортаға кіріктіру барысында еңбекке баулудың әдіс-тәсілдері мен технологиялары» тақырыбында облыстық семинар өтілді. Семинардың мақсаты: білім алушылардың оқу-еңбек іс-әрекетін дамыту мүмкіндіктерін жүзеге асыру, оларды бастапқы кәсіби дағдыларды игеруге және дене мүмкіндіктерін ескеріп, өз бетімен еңбек етуге даярлау. Семинар барысында Түзету пән бірлестігі «Түзету сабақтарында қолданылатын ресурстардың маңыздылығы» тақырыбында практикалық іс-тәжірибемен бөлісті.



21 желтоқсан күні мектеп – интернатта «Менің әлемім шексіз» тақырыбында облыстық семинар – практикум өтілді. Мақсаты: Коммуникативті бұзылыстары бар балалар мен олардың ата-аналарына, мамандарға мұғалімдерге және тәрбиешілерге педагогикалық психологиялық көмек беру жолдары мен әдістері. Семинар барысында Түзету пән бірлестігінен Логопед А. Даубаева түзете дамыту жұмыстарының жолдары бойынша тәжірибиемен болісті





«Тіл әлемінде» логопедия пәні апталығы 2023 жылдың 13 мен 17 наурыз аралығында өткізілді. Осы іс-шараның мақсаты, мыналарды көздейді:

#### **Апталық барысында:**

Түзету пән мұғалімдері **13.02.2022 - 17.02.2023 ж.** аралығында үлгілі ашық сабақтар ұйымдастырды.

1. 13.02.23 ж. Түзету пән бірлестік мұғалімдер апталықтың ашылуында логоритмикалық жаттығулары, нейрогимнастика жаттығулары, «Қоян және оның сиқырлы жұлдызшасы» атты қуыршақ театры ұйымдастырылды. Түзете-дамытуға арналған қызықты ойындар жүргізіліп, «Тіл әлемінде» сайысы мектеп оқушыларымен өткізілді.

Мақсаты: сөйлеу тілі дамымаған оқушыларды дұрыс тыныс алуға, саусақ пен қолдың қимылдарын дамытуға, бірлесіп жұмыс жасауға, танымдық процестерін дамытуға (қабылдау, зейін, ойлау, қиялдау), сөйлеу тілі аппаратының қимылын арттыруға үйрету.



14.02.23 ж. 3 «А» сынып оқушымен Логопед А. Даубаева «Р дыбысы мен әріпі» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Жеке баламен жұмыс жасады. Жетістігі: «Ертегі терапиясы» тәсілімен түрлі кедергілер арқылы ұсақ моторикаға арналған жаттығуларды, тыныс алу жаттығуларды, фонематикалық есту қабілетін дамытуға арналған жаттығуларды, тіл ұстарту жаттығуларды пайдаланды. Ашық сабақта логопедия пәнінің талаптарына сай, әдістемелік құрылымымен өткізді. Сабақта көрнекіліктер мол болды, сабақ өз дәрежесінде өтілді.



15.02.23 ж. Мектеп мұғалімдерімен «Ойна да, ойлан» атты сайыс өткізілді. Мақсаты: мұғалімдер арасында бір-бірімен қарым-қатынастарын нығайту, пікір алмасу, қызығушылық ояту, бой сергіту.

16.02.23 ж. 3 «Б» сынып оқушысымен Г.Сейтман «Жабайы жануарлар» тақырыбында ашық сабақ өткізді.  
<https://www.facebook.com/share/1ZrF7o13NJ/?mibextid=wwXIfr>



Жетістігі: Мұғалім сабағында көрнекіліктерді тиімді пайдаланды. Оқушының деңгейіне сай тапсырмалар берілді. Сұрақ – жауап әдісімен оқушымен ынтымақтаса отырып, тақыраптың мазмұнын ұтымды аша білді.

16.02.23 ж. 2 «А» Есім Инабат сынып оқушысымен «Үй құстары» тақырыбында ашық сабақ өткізді.  
<https://www.facebook.com/share/14WiyvSPhsf/?mibextid=wwXIfr>



Жетістігі: Мұғалім сабағында көрнекіліктерді тиімді пайдаланды. Оқушының деңгейіне сай тапсырмалар берілді. Сұрақ – жауап әдісімен оқушымен ынтымақтаса отырып, тақырыптың мазмұнын ұтымды аша білді.

17.02.23 ж. Түзету пән мұғалімдер ұйымдастыруымен «Кім тапқыр» сайысы өткізілді. Сайысқа 1,2,3,4 сынып оқушылары қатысты.

Мақсаты: Оқушылардың ой-өрісін, ойлау, есте сақтау қабілетін, ұсақ моториканы дамыту.

Апталық шеңберінде өткізілген сабақтар жоғарғы деңгейде өтті, әр түрлі әдіс-тәсіл қолданылды, сабаққа эмоциональдық қызығушылық, топтық, жұптық жұмыс, оқушы игеру деңгейіне қарай тапсырмалар берілді. Ашық сабақтар жаңа технологияларды пайдаланып өткізілді. Оқушылар өздерінің пәнге деген қызығушылықтарын көрсетіп, әр түрлі ойындарға қатысып, логикалық сұрақтарға жауап берді.

Оқушылар барлық сабақтарға білімдері мен біліктіліктерін жетілдіру үшін тапсырмаларды орындаған кезде белсенділікпен шығармашылық танытты. Әр сабақтың соңында мұғалімдер өз пікірлерімен бөлісті.

Сонымен қатар апталық аясында «Қоян және оның сиқырлы жұлдызшасы» атты қуыршақ театры, «Понтомимо» биі, оқушылармен, мұғалімдермен сайыстар өткізілді. Оқушылармен жүргізілген сайыстар баланың өз деңгейлеріне сай жасалды. Апталықтың жоспарланған барлық жұмыс жоспары бірлестік отырысында қорытындылана келе, апталық өз дәрежесінде өткізілді, қанағаттандырарлық деп бағаланды.



<https://www.facebook.com/share/17AKSadwra/?mibextid=wwXlfr>

15.03.23 ж. «Мектеп, ата-ана, бала арасындағы байланыс нәтижелілігі» тақырыбында ашық есік күні өтілді.

«Білім алушыларға түзету көмектің әдіс-тәсілдерін бірлесіп орындау» тақырыбында түзету пән бірлестігі ата-анаға кеңес берді.

Логопед А. Даубаева «Артикуляциялық және тыныс алу жаттығулары» тақырыбында іс-тәжірибие жүзінде жаттығуларды көрсетті.



### Оқушыларымен жүргізілген жұмыстар

Үшінші тоқсан қорытындысы бойынша көрсетілген нәтиже көрсеткіші:

Соңғы уақыттарды мектепке сөйлеуі тілі дамымаған оқушылар қатары қоп келуде. Әр оқушының ерекшелігін ескеріп, сөйлеу деңгейін анықтап, зерттеу жұмыстарынан соң, әр оқушығатүзете дамыту бағдармалары жасалды. Бағдарламада төмендегіше бағыттар қарастырылды:

**I деңгейі** (Алалия) диагнозы бар 31 оқушылары бойынша: Оқушылар артикуляциялық, демдік, дыбыстық жаттығуларды жасауды үйренуде. Балалардың білім деңгейін арттыру үшін олармен үнемі жұмыс жүргізу керек. Ұсақ моторикаға арналған жаттығуларды жасауды үйренуде. Берілген тапсырманы мұғалімнің көмегімен орындайды. Әр сабақта оқушыларға логомассаж жасалынады.

**II деңгейі** диагнозы бар 22 оқушылары бойынша: Сюжетті картиналарда қойылатын қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету («Бұл кім?», «ол не?», «не істеп жатыр?»), «Кімнің?», «Кімдікі?» деген зат есімнің сұрақтарына жауап ретінде «менің», «менікі» есімдіктерін қолдануды, атаған іс-әрекетке заттық атау беруді үйрету («кім жүр?», «не жүр?») үйренді.

**III деңгейі** диагнозы бар 15 оқушылары бойынша: Барлық логопедтермен сөздегі бірінші дауыссыз дыбысты бөлу, жабық және ашық буындарды, сөздерді талдау, сөз қорын молайту бағытында заттың басты белгілері арқылы – «түсі, дәмі, көлемі», оны атауды, формасын, материалын анықтайтын сын есімдерді орналастыру, сын есімдерге қарама-қарсы мағыналы сөздерді, заттың сынын білдіретін сөздерді табу үйретілді.

## **2022–2023 оқу жылы бойынша түзету-дамыту жұмыстарының мониторингі**

### **Түзету пән бірлестігінің мамандарының жүргізген жұмыстарының нәтижесі**

2022–2023 оқу жылы барысында түзету пән бірлестігі мамандары (логопед, психолог, арнайы педагог) тарапынан жүргізілген түзету-дамыту жұмыстары жүйелі түрде іске асырылып, білім алушылардың даму динамикасы бақыланды. Мониторинг нәтижелері төмендегідей:

#### **1. Тіл дамуының кемшіліктерін түзету бағыты бойынша нәтижелер I деңгейден II деңгейге ауыстырылған оқушылар саны – 3:**

- Келісқызы Аруна
- Серік Қайырымды
- Орынбасар Алмаз

#### **II деңгейден III деңгейге ауыстырылған оқушылар саны – 7:**

- Қайназарова Айдана
- Әлиакбар Әзиза
- Абзалқызы Назерке
- Асқарова Лиза
- Байзақ Мейіржан
- Бисембаев Ақжол
- Саматұлы Нұрмұхамед

#### **2. Логопедиялық топтан шығарылған оқушылар**

Бағдарламаны толық меңгеруіне байланысты логопедиялық топтан шығарылғандар – **2 оқушы:**

- Отарбаев Жанқожа
- Біттібай Диана

#### **Қорытынды:**

Аталған оқушылардың сөйлеу тіліндегі кемшіліктері түзетіліп, жас ерекшелігіне сәйкес нормаға жеткізілді.

#### **3. Психологиялық түзету бағыты бойынша нәтижелер**

Бағдарламаны толық игеруіне байланысты шығарылған оқушылар – 4 оқушы:

- Құлғараев Асылхан
- Сайлауов Сағындық
- Манас Гаухар
- Жұмаш Жұмакүл

#### **Қорытынды:**

Оқушылардың эмоционалдық жағдайы, мінез-құлқы және қарым-қатынас дағдылары жақсарып, психологиялық қолдауды қажет етпейтін деңгейге жетті.

#### **4. Арнайы педагог (дефектолог) бағыты бойынша нәтижелер**

Бағдарламаны толық меңгеруіне байланысты шығарылғандар – 2 оқушы:

- Жұмаш Жұмакүл

- Біттібай Диана

Қорытынды:


Танымдық процестердің (зейін, есте сақтау, ойлау) дамуында оң өзгерістер байқалып, оқу әрекетіне бейімделуі қалыптасты.

**Қорытынды:**

Оқушылардың басым бөлігінде сөйлеу тілінің дамуы оң динамика көрсетіп, деңгейлік ілгерілеу байқалды. Бұл түзету жұмыстарының тиімділігін көрсетеді.

**Түзету пән бірлестігінің сөйлеу тілінің жалпы дамымауы (СТЖД) бар 68 оқушымен 2022-2023 оқу жылы түзету жұмыстарын жүргізу көрсеткіштеріне мониторинг нәтижелері**

**Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы деңгейлері бойынша оқушылардың динамикасы**



Деңгей/Кезеңдер	Қыркүйек	Желтоқсан	Мамыр
СТЖД I д	31 оқушы – 45 %	30 оқушы - 44 %	28 оқушы - 41 %
СТЖД II д	22 оқушы - 33 %	19 оқушы - 28 %	20 оқушы - 30 %
СТЖД III д	15 оқушы - 22 %	19 оқушы - 28 %	20 оқушы - 29 %

**СТЖД I деңгейден 3 оқушы СТЖД II деңгейге ауысты**

**СТЖД II деңгейден 7 оқушы СТЖД III деңгейге ауысты**

**Түзету жұмыстары өз нәтижесін берген 2 оқушы логопедия тобынан шығарылды**

Есепті жасаған: Мұғалім – логопед А. Даубаева

